



Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 9 маусымдағы № 425 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 9 маусымдағы
№ 425 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 357 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

16-тармақтағы ведомстволардың функциялары мынадай мазмұндағы 16-1), 16-2) және 16-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

16-2) жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөнінде шаралар қолданады;

16-3) жастар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асырады;"

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 55-56, 544-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақ мынадай мазмұндағы 243-1), 243-2), 243-3) және 243-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"243-1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

243-2) жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөнінде шаралар қолданады;

243-3) жастар ұйымдарымен қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

243-4) жастар арасында қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асырады;"

5. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.

7. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.02.2017 № 71 қаулысымен.

8. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 141-1) тармақшамен толықтырылсын:

"141-1) жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті дамыту жөнінде шаралар әзірлеу;"

мынадай мазмұндағы 144-1) тармақшамен толықтырылсын:

"144-1) жастар ұйымдарымен жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;"